

«Жас Ұлан» ұйымының 2024-2025 оқу жылы екінші жарты жылдық бойынша атқарылған жұмысына жылдық есеп

Қаңтар айында 5-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Біз буллингке қарсымыз!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: оқушылар арасында буллингке жол бермеу, достық пен сыйластықты дамыту.

Қаңтар айында мектеп оқушыларының қатысуымен «Адалдық ардың ісі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларды адалдыққа баулу.

Қаңтар айында мектеп оқушыларына «Діни экстремизм қауіпті құбылыс» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Оқушыларға ақпарттық бейнероликтер көрсетіліп, мәліметтер ұсынылды.

Ақпан айында «Достық қымбат өмірде!» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету.

Ақпан айында оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екенін түсіндіру мақсатында «Синтетикалық темекінің зияны» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Наурыз айында 5-9 сынып қыз балалары арасында «Көктем аруы – 2025» сайысы өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс-қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс-әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту. Сайыс бірнеше бөлімнен тұрып, әр бөлім бойынша қыздар бақ сынады.

Наурыз айында мектеп оқушылары 1-наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым!» тақырыбында іс – шаралар өткізді. Оқушылар ұстаздарға, ата-аналарына өз алғыстарын білдірді.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Ана-өмір шуағы» тақырыбында мерекелік концерт өткізілді. Оқушылар ән айтып, ди билеп, қойылым қойды. Кешке келген қонақтар өз ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

Наурыз айында «Ұлттық тәрбие ұлт болашағы» тақырыбында оқушылар арасында пікірталас өткізілді. Мақсаты: Ұлттық сана – сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құбылыстарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Наурыз айында Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушыларының қатысуымен мерекелік шара өткізілді. Шара барысында оқушылар ән айтып, би билеп, қойылымдар қойды.

Сәуір айында мектеп оқушыларының қатысуымен «Телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шараның мақсаты: Ұялы телефонды пайдалану туралы ой-пікірлерді білу, ұялы

телефонның денсаулыққа әсерін түсіндіру және баланың денсаулығына өз жауапкершілігі туралы ой салу, ұялы телефонмен сөйлесу әдебіне дағдыландыру.

Сәуір айында мектеп оқушыларының қатысуымен сенбілік жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылар мектеп ауласы мен ауыл маңындағы өзенге тазалау жұмыстарын жасады.

Сәуір айында 1-4 сынып оқушыларының арасында «Кітап – білім ордасы» тақырыбында сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Сәуір айында мектеп оқушылары арасында «Құқықбұзушылыққа жол берме!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушыларға құқықтық білім беру, құқық бойынша білгендерін қайталап еске түсіру, құқықтық тәрбие беру арқылы оқушылардың бойына заңға деген сүйіспеншілік сезімін, өз құқығын білетін азаматты қалыптастыру.

Сәуір айында «Тал егу игі іс» тақырыбында мектеп оқушыларының қатысуымен мектеп ауласына тал егу жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры **ма. А. Б. Иебусинова**







